

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

МИНИСТРЛІГІ

«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Университет «Мирас»

Клубтардың жұмысы туралы ЕРЕЖЕСІ

ПОЛОЖЕНИЕ О работе клубов

Университет ОӘК отырысында талқыланды

Обсуждено на заседании УМС университета

№ ___ Хаттама « ___ » _____ 2016ж.
Протокол № ___ « ___ » _____ 2016г.

Университет ҒК отырысында бекітілді

Утверждено на заседании УС университета

№ 6 Хаттама « 29 » 01 2016ж.
Протокол № 6 « 29 » 01 2016г.



Шымкент 2016 ж.



Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасымен ЖАСАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

Клубтарды құру туралы аталған ереже «Мирас» университетінің тәрбие ісі жөніндегі проректоры В.И. Султановамен қаралған, хаттама № __ «__»_____ 20__ж.

Мазмұны

- 1. Жалпы ережелер.**
- 2. Клубтардың мақсаты мен міндеттері.**
- 3. Клубтардың ұйымдық құрылымы.**
- 4. Клубтардың экономикалық және қаржылық қызметі.**
- 5. Клубтарды құру, қайта ұйымдастыру және жою.**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Барлық студенттік клубтар өз қызметтерін мәдениеттің, спорттың және студенттік өмірдің дамуы бойынша іске асырады.
- 1.2. Жоғары оқу мекемесінің басшылығы:
 - 1.2.1. Клубтарға персоналдық штаттың санын береді, сонымен қатар дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-жаппай жұмыстарды өткізуге қаржылық қаражаттарды бөледі;
 - 1.2.2. Клубтардың жұмысы үшін ғимарат бөледі, спорт инвентарларын және жабдықтарын сақтау үшін қоймалық ғимараттар бөледі, іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу үшін спорттық ғимараттар бөледі.
- 1.3. Клубтар өз қызметтерін физикалық тәрбиелеу және спорт пәні мұғалімдерімен, сонымен қатар жоғары оқу орны мекемесінің студенттік ұйымдарымен тығыз байланыста іске асырады.

2. Клубтардың мақсаты мен міндеттері

Клуб қызметінің мақсаты болып табылады:

- 2.1. Жоғары оқу мекемесінің білім алушылары арасында физикалық мәдениет және спортты дамыту. Жоғары оқу орны мекемесінің білім алушыларына физикалық мәдениет және спорт сабақтары үшін, сонымен қатар сабақтардан бос уақытта жақсы демалыс үшін жағдай жасау керек.
- 2.2. Білім алушылардың арасында салауатты өмір салтының құндылықтарын қалыптастыру, жоғары кәсіби білім мекемесінде салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған инновациялық бағдарламалар мен жобаларды жасауға және іске асыруға ынталандыру, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмыстарды дамыту.
- 2.3. Дене мәдениеті-спорттық топтарын және командаларын құру, олардың қызметін ұйымдастыруға әдістемелік және практикалық көмек көрсету.
- 2.4. Жоғары оқу орны мекемесінің дене мәдениеті-сауықтыру және спорттық бағдарламасын жасау.
- 2.5. Жоғары оқу орны мекемесінің дене мәдениеті-сауықтыру және спорттық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.
- 2.6. Студент-спортшыларға сабақтарды спортпен белсенді айналысумен қатар алып жүру үшін жоғары білікті қажет материалды-тұрмыстық жағдайлар жасау.
- 2.7. Білім алушыларда идеяларды іске асыру және жобаларды басқару дағдыларын қалыптастыру, олардың кәсіби құзіреттерін, өзіндік болуына, сыни ойлау қабілетін, міндеттерді қою және шешуде және өзін өзі дамыту барысында кеңеюіне көмек білдіру.

Клубтардың міндеттері болып табылады:

- 2.8. Білім алушылар мен жұмысшыларды физикалық мәдениет және спортпен жүйелі айналысуға тарту.
- 2.9. Жоғары оқу орны мекемесінде білім алушылар арасында спорттық даму бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу.
- 2.10. Физикалық және моральды-еріктік қасиеттерді тәрбиелеу, денсаулықты жақсарту және ауыруды төмендету, кәсіби дайындық деңгейін көтеру, жоғары оқу орны мекемесінде білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін көтеру.
- 2.11. Жоғары оқу орны мекемесінің жыл сайынғы жоспары үшін физикалық мәдениет және спорт бойынша ұсыныстарын дайындау.
- 2.12. Білім алушыларда қажет кәсіби физикалық білімді, дағдыны, қабілеттерді қалыптастыру бойынша жоғарғы оқу орнының құрылымдық бөлімшелерімен, факультеттердің деканаттарымен бірлесіп жұмыс жасау.
- 2.13. Жоғары оқу орны мекемесінің еріктілік қызметіне қатысу.
- 2.14. Оқу жоспары шеңберінде қарастырылмаған қосымша күзіндеттерді алумен байланысты сұрақтарды шешуге студенттерді тарту.

3. Клубтардың ұйымдық құрылымы

- 3.1. Клубтарға тікелей басшылықты, жоғары оқу орны мекемесінің басшылығымен тағайындалатын, клубтың төрағасы іске асырады.
- 3.2. Клубтардың төрағасы іске асырады:
 - 3.2.1. Клубтардың штатында және бөлімшелерінде кадрларды таңдау және орналастырады, жоғары оқу орны мекемесінің Ғылыми кеңесіне ұсыныстарды бекіту үшін енгізеді.
 - 3.2.2. Клубтардың қызметін штаттық, қаржылық және материалды қамтамасыз ету бойынша есептерді және сметасын құрастырады.
 - 3.2.3. Клубтардың жұмысы туралы есептерді құрастырады.
 - 3.2.4. Спорттық және сауықтыру жұмыстарын дамыту бойынша жоғары оқу орны мекемесінің әкімшілігіне қарастыру үшін ұсыныстар енгізеді.

4. Клубтардың экономикалық және қаржылық қызметі

- 4.1. Клубтар өз қызметтерін жоғары оқу орны мекемесінен алынған қаражаттар есебінен іске асырады.
- 4.2. Клубтардың қаражаттары және олардың мүліктері, жоғары оқу орны мекемесінде сабақтан тыс, спорттық және дене мәдениет-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға бюджетте қарастырылған қаражаттардың есебінен, сонымен қатар жоғары оқу орны мекемесінің осындай мақсаттарға бағытталған басқа да қаражаттары есебінен пайда болады.

5. Клубтарды құру, қайта ұйымдастыру және жою

5.1. Клубтарды құру, қайта ұйымдастыру және жою бойынша шешімді жоғары оқу орны мекемесінің тәрбие ісі жөніндегі проректорымен қабылданады және оқу орны басшылығының бұйрығымен бекітіледі.

